

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қозғалыс дабылының, бөгеуінің, байланысының және оны ақпараттандырудың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар " техникалық регламентін бекіту туралы" 2010 жылғы 31 шілдедегі № 769 және " Темір жол көлігінің және оған байланысты инфрақұрылымның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" 2010 жылғы 4 тамыздағы № 794 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 1643 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 269 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 15.05.2018 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қозғалыс дабылының, бөгеуінің, байланысының және оны ақпараттандырудың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 шілдедегі № 769 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 45, 414-күжат) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы қаулы 2014 жылғы 2 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.";

2) "Темір жол көлігінің және оған байланысты инфрақұрылымның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 4 тамыздағы № 794 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 47, 427-күжат) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы қаулы 2014 жылғы 2 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.";

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

